



Арын – байрақ, намысын найза еткен қаһарман ерлердің аты аңызға айналды. Ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгі ұмытылмас парағы болып қала бермек

4-5-беттерде



«Сабыр түбі - сары алтын» дегендей, отандастар, сабырлы болайық! Карантин тәртібін бұзбай, үйде отырып, өзіміздің де, өзгенің де денсаулығын сақтайық! Біз біргеміз!

8-бетте

УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті № 5 (205), 6.05. 2020



9 мамыр

Құрметті ұжым мүшелері! Қадірлі студенттер!

Сіздерді Ұлы мереке - Жеңістің 75 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Жеңіс таңы атқан күн бізден қаншалықты алшақтаған сайын оның құндылығы соншалықты артып келеді. Өйткені, Ұлы Отан соғысы тек қазақ қана емес, жалпы адамзат тарихындағы ең ауыр да қатал соғыс болды. Миллиондаған адам Отан үшін шейіт болып, жанын қиды. Сол кезеңдегі 6 миллион қазақстандық тұрғынның 1 миллионнан астамы майданға аттанып, оның жартысы туған жерінен жырақта көз жұмды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ қазақстандық жауынгерлер Қабанбай мен Бөгенбайдай, Наурызбай мен Махамбеттей қаһарман ұрпақтың тұяғы ретінде ерліктерімен ерекшелене білді. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова, Әлия мен Мәншүк қазақ халқының қаншалықты ержүрек екендігін көрсете білді. Ерліктерімен ерекшеленген жүз мыңнан астам отандасымыз медаль-ордендермен марапатталды, оның 500-і Кеңес одағының батыры, 100-ден астамы «Даңқ» орденінің иегері атанды.

Бұл батырларымыздың ерлігі - ұрпаққа мәңгілік өнеге!

Бүгіндері нағыз майдан алаңында болған қайсар ерлердің саны күн сайын кеміп келеді. Біз ол кісілерді әрқашан мақтан етіп, қадірлеуіміз керек. Ардагерлермен қатар тылда еңбек етіп, бүгінгі бейбіт күннің атуына ерлікпен еңбек еткен азаматтарды да ардақ тұту - бүгінгі ұрпақтың парызы.

Соғыс кезінде Қазақстан 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 млн 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн, 2,5 млн дана жылы киім және басқа да өнімдерді майдан даласына жіберді. Қазақстандық

тыл еңбеккерлері майданға 110 000-нан аса жылқы, жаудан азат етілген аудандарға саны 500 000-нан асатын мал жіберген.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан жалпы одақтың мыс құймасының 30%, марганец кенінің 60%, мыс кенінің 50%, металл висмуттың 65%, полиметалл кендерінің 70%, мырыш өнімінің 85% өндірді.

Соғыс кезінде майдан даласындағы азаматтармен тең дәрежеде еңбек еткен тылдағы азаматтардың да ерлігі мәңгілік құрметке ие!

Біз, бейбіт күннің тұрғындары, келер жас ұрпақ, осы Жеңіс арқылы орнаған ашық аспанымыз бен бейбіт күнімізге аға ұрпақтың алдында борыштармыз. Қасық қаны қалғанша майдан даласында күресіп, тылда тер төккен еңбектің арқасында келген бейбітшілікті өмір бойы аялап өтуіміз қажет.

Бұл Ұлы мереке мемлекеттілік пен тәуелсіздікті мәңгілік ету жолында халықтың бірлігі мен тыныштығы, саяси тұрақтылығы ең маңызды сала екендігін әрдайым есімізге салып тұрады. Сол үшін ардагерлерімізге мәңгілік тағзым!

Құрметті әріптестер, студенттер!

Мемлекетіміз мәңгілік жасасын, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Әрбіріңіздің шаңырағыңызға шаттық тілеймін!

Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Д.П.ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры



Рухани байлығымыздың кемелденуі

бәсекеге қабілетті, табысты ел болу - рухани байлығымыздың кемелденуі. Осыған байланысты адами құндылықтар мен халқымыздың рухани байлығын, қазынасын бойына сіңіріп өскен жастарымызды, еліміздің болашағы деп үміт артып отырған ұрпақтарымызды патриоттық рухты, сезімді жоғалтпастан тәрбиелеу. Бұл дегеніміз ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, тарихымызды, ұлттық рухымызды жаңғырту болып отыр.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол - білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, бәсекеге қабілетті, білікті жас мамандарды тұңғыш Президентіміз көздеген бағыттарға лайықты етіп өсіру. Рухани жаңғыруға «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор А.Шингисовтың басшылығымен кафедраның оқытушылары мен студенттері де өз үлестерін қосуда. Кафедраның 2-3 курс студенттері еліміздің тарихи орындары мен киелі жерлері: Арыстан баб, Сансыз баб, Қожа Ахмет Ясауи және Айша бибі кесенелеріне барып, өздерінің бойына көптеген рухани байлық жинап қайтты десек, артық айпаған болар едік. Сонымен қатар, кафедраның оқытушылары тәлімгерлік ашық сабақтар мен жатақханада әр түрлі іс-шаралар өткізуде. «Туған жерім – сүйікті мекенім», «Ұлы дала тарихы», «Ел батырлары ұлттың рухы: таным мен тағылым», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Рухани келісім - бірлік пен тұрақтылықтың кепілі» тақырыбындағы жұмыстарға ЖТ-18-2к2, ЖТ-18-2к3, ЖТ-17-2р, ЖТ-18-2к4 топтары ат салысып, түрлі іс-шаралар жүргізді.

Рухани байлығымыздың кемелденуі - бәсекеге қабілетті, өнерлі, ғылымдары өркендеген, мәдениеті мен дәстүрі жоғары, мейірімді, адал, ақылды, білімді, бауырмал, кеңпейіл, отаншыл тұлғаны тәрбиелеу

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім мен ғылымға ерекше тоқталып өтуі үлкен көрегендік пен ұлттың алға қарай жылжу қарқындылығының қозғаушы күші болды.

Бұл тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен келешегі үшін жасалған іс-әрекет деп білеміз. Еліміздің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала отырып, ұлттық сананы оята білді. Ұлт пен ел арасында бірегейлікті, бейбітшілік пен келісімді сақтап,

С.У.ЕРКЕБАЕВА, А.Т.БЕРДЕМБЕТОВА,
Азық-түлік өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі кафедрасы

Психолог маманы – өмір талабы

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі» деп білім, ғылымға жеке тоқталып кеткен болатын. Сондықтан да ұлттық кодды сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ақыл-ойы кемелденген тұлға болуына ерекше мән береді.

М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «6В03130-Психология» мамандығы оқытушыларының студенттер мен магистранттарды бәсекеге қабілетті, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу етіп тәрбиелеу – асыл борышы.

Заман талабына сай тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жанашылдықты қажет етеді. Білім алушылардың білімін жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын жаңарып тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Жоғары оқу орнында берілетін тәрбие жан-жақтылыққа, өнегелілікке, патриоттық сезімге, жеке тұлғалық дамуының түпкі негізін қалайтын орын.

6В03130 - Психология білім беру бағдарламасына (мамандығына) мектеп бітірген түлектер түсе алады. Таңдау пәні: биология-география. Университетте Психология мамандығы 2018 жылы ашылды.

Магистратура 7М03130 - «Психология» мамандығы 2010 жылы ашылып, магистр дәрежесі терендетілген ғылыми психологиялық біліммен қамтамасыз етіліп, көптеген магистр мамандары бітіріп шықты. 7М03130 - «Психология» мамандығы бойынша магистратураға бакалавр бағдарламасының түлектері мен дипломы бар психолог мамандарының түсуге мүмкіндіктері бар.

2019-2020 оқу жылында 6В03130 - Психология бакалавриат мамандығына 50 студент, 7М03130 - «Психология» магистратура мамандығына 10 магистрант грант және ақылы негізде оқуға қабылданды.

6В03130 - Психология мамандығы, 7М03130 - «Психология» магистратура мамандығы бойынша оқып жүрген студенттер мен магистранттар үш тілде білім алады. Сол себептен «7М03130 - Психология» мамандығы бойынша магистратурасында білім алу үшін талапкер міндетті түрде шет тілін білуі тиіс.

Қазіргі кезде студенттер мен магистранттарға кез келген шетел ЖОО-да білімін арттыруға мүмкіндік берілуде. Осыған орай академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша кез келген шетел ЖОО-ның психология бөлімінде I семестр бойы студенттер мен магистранттар білім ала алады. Бакалавр және магистр психолог маманы дайындауда өндірістік және ғылыми зерттеу іс-тәжірибе маңызды болып табылады.

Бізде Психология мамандығының студенттері мен магистранттары шет елдерде іс-тәжірибеден өтеді. Әлемнің жетекші ЖОО-ларымен келісім шарттар жасалған:

- Ғылыми ақпараттық және біліктілікті жоғарылату бойынша халықаралық орталық (Дюссельдорф қаласы, Германия);
- Ғылыми ақпараттық және біліктілікті жоғарылату бойынша халықаралық орталық (Лейпциг қаласы, Германия);
- Еуропаның ғылыми қоғамы (Ганновер қаласы, Германия);
- К.Ниязов атындағы Өзбекстан ғылыми-зерттеу педагогикалық институты (Ташкент қаласы, Өзбекстан);
- «Азаматтық Альянс» (Шымкент қаласы, Қазақстан);

- Еуразиялық практикалық психология және психотерапия институты (Шымкент, Астана қалалары, Қазақстан);
- «Өрлеу» АҚ Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығы (Шымкент қаласы, Қазақстан);
- «Св.Кл.Охридский» атындағы София университеті; Болгария қаласының ПБ Академиясы (Баня қаласы, Болгария Республикасы).

Бакалавриат мамандығы және 7М03130-«Психология» мамандығы бойынша магистратура бітірушілері кез келген салада қызмет көрсете алады:

- ЖОО-да психология пәні оқытушысы ретінде;
- Ғылыми-зерттеу орталықтарында психолог-ғылыми зерттеуші ретінде;
- Психологиялық зертханаларда ғылыми жұмыс атқарушы ретінде;
- Практик психолог;
- Құқық қорғау салаларында психолог;
- Фирмалар мен ұйымдар персоналында психолог;
- Әлеуметтік қызметтерде психолог;
- Медициналық мекемелерде психолог;
- Психологиялық түзету және психотерапия орталықтарында психолог;
- Білім беру және денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекеттік басқару органдарында психолог;
- Мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру мекемелерінде психолог;
- Кәсіптік бағыттау және кәсіптік оқыту орталықтарында психолог;
- Спорттық ұйымдарда психолог;

- Арнайы мекемелерде жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарында психолог маманының жұмысын атқара алады.

Психолог мамандарын және магистрлерін дайындауда кафедра профессорларымен қатар шет елдерден шақырылған ғалымдар дәріс береді. Дәріс беретін шетелдік ғалымдар: психология саласы бойынша PhD доктор, профессор **Н.Б.Михайлова** (Германия), медицина ғылымдарының докторы, профессор **Г.В.Тыминский** (Германия), Психология саласы бойынша PhD доктор **А.И.Клюева** (Германия), психология ғылымдарының докторы, профессор **Б.Г.Гончевский** (Болгария), т.б. Оқу ақысы - 400 000 теңге.

Құрметті талапкерлер, сіздерді бакалавриат **6В03130-Психология** және магистратура бойынша **7М03130 – «Психология» мамандығын** таңдауға шақырамыз. Мекенжайы: Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, н/ү. М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Тарих және педагогика факультеті, «Жалпы психология» кафедрасы, №7 оқу ғимараты, 2 қабат, 222 кабинет Тел: 872 52 21 34 50; 8702 960 76 60

Фарида САХИЕВА,
«Тарих және педагогика» факультеті
«Жалпы психология» кафедрасының
меңгерушісі,
Ахметжан ӘКІМБАЕВ,
аға оқытушы



М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «А» ғимаратында «Металлургия» кафедрасының меңгерушісі В.М.Шевконың ұйымдастыруымен Қазақстанның металлург-ғалымдарының портретті галереясының ашылуы өтті. Іс-шара университет ректоры Д.П.Қожамжарованың құттықтау сөзімен басталды. Сонымен қатар іс-шарада «Қорғасын» зауытының бас инженері, техника ғылымдарының кандидаты К.А.Махамбетов сөз алды.

Құттықтау сөз барысында К.А.Махамбетов портретті галереядағы ғалымдардың жетекшілігімен бірге жұмыс

Қазақстанның металлург – ғалымдарының портретті галереясы

жасап, аспирантура қорғаған кездегі қызықты сәттерімен бөлісті және де бұл ғалымдардың түсті металлургияның дамуына қосқан үлестерін атап өтті.

Іс-шара барысында ХТ-18-2к2 тобының студенті Е.Құрманбай: «Металлургия» мамандығында оқығалы көптеген жетістіктерге жетудеміз. Оқу бағдарламасында қарастырылған пәндер бойынша білім алып келеміз. Осы пәндерді жетік білу үшін Қазақстанның металлург ғалымдарының еңбектерін көп пайдаланамыз. Атап айтсақ, Ибрагим Абилгазиевич Онаев, Иван Родионович Польшянский, Виктор Дмитриевич Пономарев, Амир Тлеугажиевич Шоинбаев. Университеттің кітапханаларында да осы металлург ғалымдардың кітаптары қол жетімді. Мен «Металлург» мамандығын таңдағаным үшін қуаныштымын. Біз үшін ерен еңбек еткен Металлург ғалымдар үшін алғысымыз шексіз», - деп, портретті галереядағы ғалымдарға басын иді.

Іс-шара соңында кафедра меңгерушісі В.М.Шевко Қазақстанның металлург – ғалымдарының портреттеріне тоқталып, таныстыру жұмысын жүргізді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген бұл галерея тек біздің отандас ғалымдарға деген құрмет қана емес.

Ол тәрбиелік элементке де ие. Галерея біздің металлургиялық тамырымызды және металлургиялық ғылым мен технологияларда Қазақстанның қатысуын көрсетеді. Сонымен қатар болашақ металлургтарға, яғни студенттерімізге рух беріп, жарқын болашақтың иесі болуларына үлесін қосады деп сенеміз!!!

А.М. НУРПЕНСОВА,
«Металлургия» кафедрасының аға тәлімгері

Военная кафедра ЮКГУ: Готовим офицеров запаса!

Пандемия и режим самоизоляции вносят свои поправки и в учебный процесс системы образования.

Однако, преподаватели военной кафедры Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова при помощи потокового сервиса ZOOM занятия со студентами продолжают методом дистанционного обучения. Занятия проводятся согласно расписанию занятия. Непрерывный контроль за учебным процессом ведется руководством кафедры во главе с начальником военной кафедры полковником Кенжебаевым Жакыпом Амангельдиевичем. Ежедневно сотрудники кафедры участвуют в вебинаре начальника военной кафедры, где обсуждается проделанная работа, перед преподавателями и учебно-вспомогательным персоналом ставятся задачи.

Надо отметить, существенную и своевременную помощь для обучения и самостоятельной работы получили преподаватели и студенты ЮКГУ благодаря вебинару, организованному директором Образовательно-информационного Центра Рыбалкиной Надеждой Владимировной, о электронной библиотеке, по которой при наличии доступа к Интернету можно пользоваться литературой на расстоянии.

Военная кафедра ЮКГУ имени М.Ауэзова прилагает все усилия для сохранения стабильности в образовательном процессе, выполнения основной своей задачи - подготовки офицеров запаса, военно-обученного мобилизационного резерва Вооруженных Сил Республики Казахстан. Образованная 15 мая 1963 года военная кафедра Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова имеет богатую многолетнюю историю. 57 лет назад начата подготовка офицеров запаса химических войск по специальности «Инженер по химическому вооружению».

Первый выпуск офицеров запаса осуществлен в 1966 году в количестве 34 человек, в 1967 году-58 человек. Учебные сборы проводились в в/ч 41174 в г. Бухаре Узбекской ССР и в в/ч 73809 в поселке Кайташ Киргизской ССР.

В 1968 году на военной кафедре образованы циклы:

- подготовка офицеров по химическому вооружению;
- подготовка командиров зенитно-артиллерийских подразделений.

В 1973 году начата подготовка офицеров запаса химических войск по двум военно-учетным специальностям (ВУС):

- Командиры взводов радиационной химической разведки и засечки ядерных взрывов;
- Инженеры по эксплуатации и ремонту вооружения и химических войск и средств защиты.

В настоящее время военная кафедра ЮКГУ ведет подготовку студентов по шести ВУС:

- Применение подразделений и частей радиационной, химической и биологической защиты;
- Боевое применение общевойсковых подразделений, частей и соединений;
- Боевое применение танковых подразделений, частей и соединений;
- Применение огнеметных и дымовых подразделений и частей;
- Организация радиационной, химической и биологической защиты боевых действий Вооруженных Сил, экологической безопасности и охраны окружающей среды;
- Эксплуатация и ремонт вооружения и средств радиационной, химической и биологической защиты, технических средств экологического контроля.

Военная кафедра готовит офицеров запаса для войск радиационной, химической и биологической защиты (РХБЗ), танковых, мотострелковых войск.

На данный момент военная кафедра Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова выпустила 18234 офицеров запаса.

На нашей кафедре лежит большая ответственность, т.к. по военно-учетным специальностям войск РХБЗ для Вооруженных Сил Республики Казахстан офицеров готовит только военная кафедра ЮКГУ им. М.Ауэзова. И сейчас, в столь трудное время борьбы с пандемией актуальными и востребованными оказываются знания и опыт военных химиков.

Для обучения этим знаниям военная кафедра ЮКГУ располагает всем необходимым: химической лабораторией; техническими средствами радиационной, химической и биологической разведки; средствами специальной обработки личного состава, вооружения и военной техники; пунктом технического обслуживания и ремонта автомобильной техники; стрелковым тиром и строевым плацем; библиотекой.

Бесспорно, важной составляющей в успешном обучении студентов является профессорско-преподавательский состав. На кафедре военному делу учат квалифицированные преподаватели, имеющие опыт службы в войсках Вооруженных Сил РК и преподавательской деятельности, преданные своему делу офицеры запаса. ППС курсы повышения квалификации проходят в Национальном университете обороны имени Первого Президента-Лидера Нации.

С первых дней введения чрезвычайного положения руководство военной кафедры приняло все необходимые меры по обеспечению защиты здоровья сотрудников. Весь ППС готов со знанием дела провести все мероприятия по противостоению вирусной инфекции.

Одними из основных задач военной кафедры ЮКГУ им. М.Ауэзова являются военно-патриотическое воспитание, формирование высокого патриотического сознания у молодежи.

С этой целью о военной кафедре ЮКГУ им.М.Ауэзова сняты видеоролики и показаны по телевизионным каналам, военной кафедре посвящены передачи местных телерадиокомпаний (военно-патриотические программы «Айбын», «Алдаспан»).

Военная кафедра богата традициями. Ежегодно среди студентов военной кафедры проводятся военно-спортивные состязания, эстафеты, празднование Дня Победы, Дня защитника Отечества.

Для учащихся школ и колледжей города на кафедре проводится «День открытых дверей». В 2019-2020 учебном году с деятельностью военной кафедры университета ознакомились школы г.Шымкент. Выпускники школ с огромным интересом рассматривали представленные на кафедре учебное оружие и технику, просмотрели ролики о Вооруженных Силах Республики Казахстан. Старшеклассникам роздали буклеты с информацией о ЮКГУ им.М.Ауэзова.

В рамках реализации программы Елбасы Н.Назарбаева «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», 175-летия Абая, организованы тематические встречи студентов и преподавателей с музеем Хакима Абая г.Шымкент, научными центрами «Мұхтартану», «Елбасытану», историческим музеем ЮКГУ им. М.Ауэзова.



Военная подготовка начинается со второго курса для студентов, обучающихся по четырехлетней программе и с третьего курса – для студентов, обучающихся по пятилетней программе. Срок обучения 2 года. Наряду с теоретическими знаниями основной военной подготовки студентов являются полевая выучка, привитие командирских и практических навыков.

Заканчивается военная подготовка проведением 34-ти дневных учебно-полевых сборов в период летних каникул. На учебных сборах наши студенты на практике используют теоретические знания, полученные за два года военной подготовки, как говорится, узнают запах пороха...

Военная кафедра гордится достижениями наших студентов, выпускников. Так, команды нашей кафедры участвовали с хорошими результатами в 1-ом и 2-ом Республиканских военно-патриотических сборах молодежи «Айбын», проходивших в учебном центре «Спасек» Карагандинской области.

Выпускник 2018 года военной кафедры ЮКГУ им. М.Ауэзова боксер С.Зурбек в городе Алматы 16 декабря 2019 года завоевал титул и пояс чемпиона мира среди молодежи по версии WBC во втором полупулкем весе.

Многие выпускники, приобретаемая на кафедре военную специальность и воинское звание «лейтенант» запаса, проходят службу в Вооруженных Силах РК, пограничных и внутренних войсках

силовых структур РК и других воинских формированиях.

Кто же может стать студентом военной кафедры? К участию в конкурсе допускаются студенты, обучающиеся только по очной форме обучения - граждане Республики Казахстан в возрасте не старше 24 лет на год привлечения к военной подготовке.

Конкурс для отбора обучающихся осуществляется в четыре этапа:

1) первый этап - прохождение медицинского освидетельствования в соответствии с Правилами проведения военно-врачебной экспертизы;

2) второй этап - проведение профессионально-психологического тестирования;

3) третий этап - проверка физической подготовленности;

4) четвертый этап - заседание комиссии по отбору студентов для обучения на военной кафедре.

Отбор для поступления на военную кафедру производится из числа студентов ЮКГУ им. М.Ауэзова.

На военную кафедру поступают физически крепкие, психологически устойчивые студенты. А военному делу, воинской дисциплине, казахстанскому патриотизму и еще многому научит военная кафедра ЮКГУ!

Адрес военной кафедры:
ул. Рыскумбаева, 3«б»,
телефон дежурного: 35-44-13

Г.Н. УТЕМУРАТОВА,
специалист высшей учебной
категории военной кафедры
ЮКГУ им. М.Ауэзова



Сұрапыл соғыстың зардабы

Биыл Ұлы Жеңіске 75 жыл толып отыр. Қырық бірдің маусымында басталған соғыс үздіксіз 4 жылға, яғни, 1418 күнге

созылды. Кеңес одағының құрамындағы барлық республикалар қатысқан бұл қанды кезең қазақтарды да бей-жай қалдырмады. Тіпті, қазақ даласынан майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің тек 600 мыңы ғана оралды. Елі үшін, жері үшін жанын қиып, ерлікпен қаза тапқаны қаншама?! Сұрапыл соғыс барша жұртқа қиын соқты. Бірі әкесінен, бірі баласынан, бірі жарынан, енді бірі бауырынан айырылды. Әкесін сағынған бала, баласының амандығын тілеген ана, жарын күткен әйел - бұның бәрі әдебиет әлемін мұңды шығармалармен толықтырды.

Қиын-қыстау заманда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген біздің халық, еш нәрседен мойымай, жеңіске ұмтылды. Тылда жұмыс істеп, соғысқа қажетті азық-түлік өндіріп, оқ-дәрі дайындады. Күн демей, түн демей еңбек еткен сол кездегі нәзік жанды әйелдер қауымын атап өтпесе болмас. Қырғидай тиген неміс әскері әйелдер мен балаларды да аямады. Фашистердің тұтқындар лагерінде қаншама ана мен бала айуандықпен, азаппен өлтірілді. Одан қала берсе батыр қыздарымыз Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұловалар ерлерден қалмай шайқас алаңында «Жеңіс үшін!» деп ұран салды.

КСРО құрамындағы барлық республикалар біріге отырып, ауыртапшылық пен азапты күндерді бірге көтерді. Бәрінің тілері тек жеңіс қана болды.

Осынау жылдары халыққа үміт сыйлаған, рухтандырған ақын-жазушылар қатары да аз болмады. Соның бірі Ж.Жабаев «Ленинградтық өренім» деп жырлап, әскерге күш, демеу көрсете білді. Қан майданда қаламын жауға қайраған Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, М.Ғабдуллин сынды көптеген батырларымыз тек соғысып қана қоймай, артынан ерген ерлерге намысты сөздер айта білді. Бүгінде батырлар сөзі көпке мирас, ұрпаққа қалған асыл мұра.

Міне, жеңіс осындай қажырлы еңбек пен үлкен төзімділікті талап етті. «Ер бақыты - ел қолында, Ел бақыты - ерлер қолында» - деп батыр бабамыз Б.Момышұлы айтқандай, бұл жеңіс - қызыл қанын теңіз қылған қаншама боздақтардың арқасы. Олар - бүгінгі тәуелсіз ел болуымыздың бірден-бір себепкері. Отаны үшін, елі үшін от боп жанды, оқ болып атылды. Арын - байрақ, намысын найза еткен қаһарман ерлердің аты аңызға айналды. Ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгі ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да арасын аулақ салып, алыстап барады. Бірақ қаншалықты алыстағанмен, ол көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес...

Ф. АХМЕТ, ФИ-19-11к тобының студенті,
Л.ТУРАБАЕВА, жетекшісі, ф.ғ.к., доцент

Есімі мәңгі жадымызда



Мүсірәлі Өлмесов 1918 жылы Шымкент облысының Қошқар ата ауылдық кеңесіне қарайтын «Бесабадал» ауылында қарапайым шаруа отбасында туған. Ауыл мектебінде бастауыш білім алған. Жастайынан шаруашылық жұмыстарға араласқан. Қошқар ата ауылдық кеңесінің хатшысы болып қызмет еткен.

Сарыағаш аудандық әскери комиссариатының шақыруымен 1941 жылы қараша айында соғысқа аттанған. Ақтөбе қаласында әскери дайындықтан өткен соң станокты пулемет расчетының командирі болып Белорус майданының 134-ші дивизиясының 515-ші полкы құрамында алғашқы ұрысқа кірген. Белорус жеріндегі көптеген қала мен елді мекенді фашизмнің қанды құрсауынан азат етуде батылдық пен өжеттік танытып, «За отвагу» медалімен, «Красная звезда» және «Отечественная война» ордендерімен марапатталған.

1943 жылы кіші командирлер дайындайтын курсты тәмамдап, қайта соғысқа кірген. Сол 1943 жылы ауыр жарақат алып, әскери қызметке жарамсыз деп елге қайтарылған. Елге қайтып келген соң ауыл шаруашылығында еңбек еткен. Бейбіт еңбегі үшін бірнеше дүркін Кеңестік Социалистік Республикалардың Одағы халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысқан және «Трудового красного знамени» орденімен марапатталған. 2008 жылдың 28 тамызында 91-ге қараған жасында дүниеден өтті.

Ұ. Е. УЛЬМЕСОВА,
«Тәрбие ісі және жастар саясаты»
департаментінің бас маманы

Тағзым

Осыдан 75 жыл бұрын, адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғыс Ұлы Отан соғысы аяқталды. Осыған орай жыл сайын ұйымдастырылатын «Желбіре, Жеңіс алауы» атты іс-шара онлайн болып өтті. Бұл іс-шараға М.Әуезов атындағы ОКМУ университетінің «Ақпараттық технология және Энергетика» жоғары мектебінің «Дәстүрлі және дәстүрлі емес энергетика» кафедрасының студенттері қатысты.

Іс-шараның мақсаты: студенттерді Ұлы Отан соғысы туралы және оған қатысқан қазақстандықтардың ерен ерліктері туралы мәліметтермен таныстыру, патриотизмге тәрбиелеу, Жеңіс күнінің маңызын ұғындыру, достық, ынтымақтастық, жауапкершілік сезімдерін ұялату.

Атаулы іс-шараның шымылдығын Ип-19-4к4 тобының студенті Рысбаева Әсем «Жеңіс күні» атты керемет әнімен ашты. Одан әрі Ип-19-4к2 тобының студенттері Лаура Әбілқасым, Сұлтан Мұхтаров, Ерасыл Өмірзақ Ұлы Жеңіс жайлы әсерлі баяндамаларын оқыды. Ұлы Жеңісті сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы сарыла күтті емес пе? Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп, миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кемде-кем. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, біздің арамызда асқар таудай болып жүрген ата-апаларымызға басымызды иіп, тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс.

Іс-шараның өту барысында 1 минут үнсіздік жарияланды. Одан әрі Ип-19-4к3 тобының студенттері А.Кулмаханбетова, А.Нұрланұлы, И.Жазықбай Ұлы Отан соғысына арналған поэзия әлемінен сыр шертті. Сондай-ақ Ип-19-4к4 тобының Ә.Омарұлы, А.Чинасыл, О.Ертай «Соғыс қасіреті» атты көрініс ұйымдастырды.

«Іс-шараны түйіндей келе, біз, жастар, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің тамырын тереңдететін, халық мүддесін бірінші орынға қоятын, қазақ елінің атын күллі әлемге паш ететін ұландары болуға бар күшімізді саламыз! Қазақстанның мәртебесін бірге көтерейік, достар!» - дей келе, іс-шара соңында «Бейбіт күн тілегі» әнін айтты. Жеңіс күні - біздің баршамыз үшін жанқиярлық ерліктер нышаны, ержүректілік пен төзімділіктің және тәуелсіздігіміздің бірден-бір символы.

А.ДАРИБАЕВА, Г.АНАРТАЕВА, М.МУСАНТАЕВА,
«Құрылыс және көлік» факультетінің
«Техникалық мамандықтар бойынша орыс тілі»
кафедрасы аға оқытушылары



Солдат из Казахстана

Я много слышала и читала о войне, и накануне 75-летия Великой Победы над фашистской Германией хочу рассказать вам о своем дедушке – Маймакове Билибае Төлебаевиче, гвардии старшине пулеметной роты 180-го Гвардейского стрелкового Краснознаменного полка 60-й Гвардейской стрелковой Павлоградской Краснознаменной дивизии.

полк был высажен на плацдарм на южной части острова, где велись боевые действия до 12 ноября. За мужество и героизм, проявленный при форсировании Днепра, 6 ноября 1943 года старшина батареи 45 мм орудий, Маймаков Билибай, был награжден медалью «За отвагу».

После Битвы за Днепр дивизия участвовала в Никопольско-Криворожской наступательной операции, освобождении города Никополь. В конце 1943 года 60-я гвардейская стрелковая дивизия вошла в состав 6-й армии 3-го Украинского фронта, а к середине 1944 года в состав 5-й ударной армии, которая приняла участие в Березнеговато-Снигиревской операции, форсировала реки Южный Буг и Днестр. Отличилась в боях на Шерпенском плацдарме. Участвовала в Яско-Кишиневской операции по освобождению города Кишинёв. 19 февраля 1944 года за решительные действия, героизм и мужество, проявленные в боях при освобождении города Кишинёв, Маймаков Билибай был награжден орденом Красной Звезды.

2 февраля 1945 года советские войска продолжили наступление в Восточной Пруссии. Северо-западнее Кенигсберга гитлеровцы выбиты из опорного пункта Гермау, находящегося в 6 километрах от побережья Данцигской бухты. Красноармейцы преодолели укрепленный район противника и, стремительно продвинувшись вперед, вышли к реке Одер.

В Будапеште в составе 180-го гвардейского стрелкового полка 60-й стрелковой дивизии

Маймаков Билибай участвовал в боях по ликвидации группировки противника, окруженной в западной части города. За подвиг, совершенный 2 февраля 1945 года Маймаков Билибай 27 февраля 1945 года был награжден орденом Отечественной войны II степени.

Из описания подвига от 14-15 апреля 1945 года:

«В боях при прорыве обороны немцев на западном берегу реки Одер, в районе г. Кюстрин 14 апреля 1945 года, товарищ Маймаков, как старшина пулеметной роты организовал бесперебойное обеспечение роты боеприпасами. Боеприпасы доставлял непосредственно на передний край к пулеметам. Во время боя за населенный пункт Бушдорф 15 апреля 1945 года, когда один из расчетов станкового пулемета был выведен из строя, товарищ Маймаков сам залег за пулемет. Умело действуя, меняя позицию, выдвигался вперед боевых порядков и вел огонь по точкам противника. В этом бою он подавил огонь двух огневых точек и уничтожил 35 фрицев».

За этот подвиг, совершенный 14-15 апреля 1945 года Маймаков Билибай 14 мая 1945 года был награжден орденом Отечественной войны I степени.

Как-то мама прочитала в газете «Казахстанская правда» от 6.02.1980 года №31(17.357) письмо от бывшего пулеметчика – Петра Семеновича Бобкова, проживающего в городе Краснодаре. Он писал: «В одной пулеметной роте 180-го гвардейского стрелкового полка

мы со старшиной, Билибаем Маймаковым, дошли до Берлина. Это спокойный по характеру, душевный человек прибыл в нашу роту, имея уже орден Красной Звезды и медаль «За отвагу». После победы я продолжал службу в армии, но о судьбе Билибая ничего не знаю. Возможно, увидев фотографию, мой верный фронтовой друг откликнется. Быть может, кто-то знает Билибая. Верю – Солдат из Казахстана – жив!». Мама ответила письмом боевому товарищу отца, в котором сообщила, что отец умер 1 ноября 1957 года от болезни и поблагодарила за теплые слова о родном человеке...

*Хочу сказать тебе спасибо, дед,
За верность Родине, отвагу на войне,
За то, что стал участником Победы,
Что подарил ее родной стране.
Ты претерпел лишения боль и голод,
И жизнью рисковал в боях с врагом,
Друзей терял...ты так еще был молод,
Но видел смерть и с горем был знаком.
Утрам вопреки душа не ослабела,
Ты четко знал, за что идет борьба.
Свобода на кону, кровь за нее кипела
И в этом жизнь была, народная судьба.
Спасибо деду, что ты верил свято
И голубое небо видел в своих снах.
За то, что голову за спинами не прятал,
Что до Победы Родину донес ты на руках...*

М.А. МУСАНТАЕВА,
ст. преподаватель, магистр кафедры
ПРЯ для ТС

День победы



В 2020 году мы празднуем 75-летие со дня победы в Великой Отечественной войне. Война. Страшное слово, не так ли?

Современному поколению не понять, чего стоила эта победа нашим дедам и прадедам. Ведь мы знаем о ней понаслышке. Нас не было там, на линии фронта, когда отступить было некуда.

Каждая битва Великой Отечественной войны доказывает стойкость и мужество советских людей. Сталинград, Ленинград, Ржевское сражение, Курская дуга... Свидетели этих сражений вспоминают ад, где нужно было выжить, чтобы победить. Миллионы людей погибли, чтобы победить. Миллионы людей погибли, чтобы завоевать нам счастливое будущее.

Практически каждая семья в то время понесла невосполнимые потери. Не обошло это ненастье и мою семью. Мой прадед погиб, защищая Сталинград. Был убит в последний день блокады. Посмертно был награжден орденом мужества.

Для меня очень важно помнить эти великие подвиги, ведь если мы помним и чтим память предков, значит, они погибли не напрасно!

Именно поэтому каждый год я участвую и являюсь призером в районных, областных и республиканских конкурсах посвященных памяти ВОВ. Являюсь участницей Тимуровского движения, активно помогаю ветеранам ВОВ войны, ведь мы являемся последним поколением, которое видит их живыми! На сегодняшний день в Туркестанской области осталось всего 40 ветеранов.

Главное помнить: «Никто не забыт- ничто не забыто!».

Война – это самое страшное, что может случиться в жизни каждого человека. Внезапное нападение фашисткой Германии на простых советских людей. Но ничего не способно сломить сильный духом народ, у них впереди лишь Победа!

Война – как много в этом слове. Одно лишь слово несет в себе массу страха, боли, криков и плача матерей, детей, жен, потерь близких людей и тысячи славных солдат стоявших за жизнь всех поколений... Сколько же деток она оставила сиротками, а жен вдовами с черными платками на головах. Сколько страшных воспоминаний она оставила за собой в человеческой памяти. Война – это боль человеческих судеб, вызванная теми, кто правит в верхушках и жаждет власти любым способом, даже кровавым. И если хорошо задуматься, то и в наше время нет ни одной семьи, у которой война не забрала или же просто не искалечила пулями, осколками или просто своими отголосками близкого нам человека. Ведь все мы помним и почитаем героев Великой Отечественной войны. Мы помним их подвиг, сплоченность, веру в великую победу и громкое «УРА!». Великую Отечественную войну можно по праву назвать – священной. Ведь все люди стали на защиту своей Родины, не испугавшись шальной пули, мучений, плена и многого другого. Наши предки настолько сплотились и шли вперед отбивать у врага свою землю, на которой они родились и выросли. Советских людей не сломила даже внезапность нападения 22 июня 1941 года, немецкие фашисты напали ранним утром. Гитлер рассчитывал на быструю победу, как во многих странах Европы, сдавшимся и покорившимся ему практически без сопротивления. У наших людей не было никакого вооружения, но это никого не испугало и они шли уверенно вперед, не сдвывая позиции, защищая своих близких и Родину. Дорога к победе пролегла через множество препятствий. Воинственные бои развивались и на земле и в небе. Не было ни одного человека, который не внес бы свою лепту в эту Победу. Молодые девчонки, служившие медиками и тащившие с полем боя на себе раненых солдат, сколько же в них было сил и мужества. Сколько веры они несли за собой, даря ее раненым! Мужчины шли

смело в бой, закрывая своими спинами тех, кто был в тылу, свои дома и семьи! Дети и женщины трудились на заводах у станков, производя боеприпасы, принеся званые успехи в умелых руках! И вот не смотря ни на что, наступил тот миг, миг долгожданной победы. Армия советских солдат спустя долгие годы сражений смогла прогнать фашистов с родной земли. Наши герои-солдаты дошли до границ Германии, и штурмом взяли Берлин – столицу фашисткой страны. Все это происходило в 1945 году. В мае месяце 8 числа в 22:30 Германия подписала полную капитуляцию. Именно в то самое время в СССР наступило 9 мая. Наши предки подарили нам один из великих праздников – это День Победы! День поистине со слезами на глазах, огромной радостью в душе и искренней улыбкой на лице! Вспоминая рассказы дедов, бабушек и людей, участвовавших в этих боевых действиях, можно сделать вывод, что лишь сильный духом, смелый и готовый идти на смерть народ, мог прийти к победе! Для молодого поколения Великая Отечественная война – это лишь история из далекого прошлого. Но эта история будоражит все внутри и заставляет задуматься о происходящем в современном мире. Задуматься о тех войнах, которые мы видим сейчас. Задуматься о том, что мы не должны допустить еще одной войны и доказать героям-солдатам, что они не зря полегли в землю, что не зря их кровью пропитана почва! Я хочу, чтобы каждый помнил, какой ценой досталась эта не легкая Победа и тот мир над головой, который сейчас у нас есть! И в заключении мне очень хочется сказать: «Спасибо вам, Великие воины! Я помню! Я горжусь!»

На уроке казахского языка я выступила с докладом на эту тему и мы организовали дискуссию. Нам было очень интересно и нравится такие занятия. Наша группа дружная и сильная. Эти счастливые минуты на долго останутся в нашей памяти.

Анастасия ЛУКЬЯНОВА, студент группы Эф-19-7р1, член кружка «Жас талант»
Р.А.АРЫНБАЕВА, руководитель, ст. преподаватель кафедры «Преподавания государственного языка»

Победа – как много это значит

С 16 марта 2020 года, наш Казахстан живет в режиме чрезвычайного положения. В своем заявлении Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил следующее: «...Нашей главной задачей является сохранение жизни и здоровья граждан. Однако ситуация по-прежнему крайне серьезная и на основании предложения Государственной комиссии и экспертов я принял решение подписать Указ о продлении режима чрезвычайного положения до 11 мая текущего года. Это решение продиктовано нынешней сложной реальностью...Сохранится дистанционное обучение в вузах, колледжах, школах.»

Президент нашей страны Касым-Жомарт Токаев делает все, чтобы создать необходимые условия для благополучия жизни народа.

Из-за распространения коронавируса казахстанские студенты теперь обучаются дистанционно. В данное время, дистанционное обучение нашего колледжа ЮКГУ им. М. Ауэзова проходит на платформе SMART, а также видеозвонки, рассылка сообщений осуществляется через социальные сети и WhatsApp, переговоры посредством телефона.

Общение преподавателей и студентов во время дистанционного обучения у нас в колледже происходит по утвержденному расписанию каждого преподавателя в режиме «online».

Нам, как участникам образовательного процесса, приходится уделять много времени, организации учебного и воспитательного процесса. Преподаватель высылает студенту задания, объяснения, примеры заданий, список литературы. На внутреннем сервере студент должен скачать весь предоставляемый материал, проработать его и отправить до назначенного времени. В нашем колледже не только обучение, но воспитание, т.е. кураторские часы проходят в режиме онлайн.

9 Мая – не только прекрасный весенний день, но и незабываемая, памятная дата - День Победы. Совсем мало осталось тех, кто имеет непосредственное отношение к этому празднику, кому лично мы должны сейчас поклониться в ноги и поблагодарить за мирное небо над нашими головами.

В колледже ЮКГУ им. М. Ауэзова куратор гр. ФСо 17-1р. проводила кураторский час на тему: «Победа – как много это значит».

В связи с чрезвычайным положением во всем мире, так как студенты находятся на дистанционном обучении, кураторский час прошел в режиме онлайн.

В кураторском часе участвовали: студенты и их родители.

Студенты гр. ФСо 17-1р рассказывали о событиях Великой Отечественной войны 1941-1945 г., читали стихотворения: «В бой за Родину», «Имена людей», выражали слова благодарности ветеранам Великой Отечественной войны.

Родители в режиме онлайн рассказывали о том, какой ценой, через 4 года, 9 мая досталась нам победа, выразили свои поздравления и слова благодарности ветеранам войны. При подготовке этого мероприятия большую помощь оказала, библиотекарь колледжа ЮКГУ имени М. Ауэзова Бердимуратова Б.Э. Ею было предоставлено много материала при организации этого кураторского часа: аудиовизуальные, электронные литературы, а также были предложены компьютерные программы.

Пожелаем же ветеранам здоровья и долголетия и пообещаем, что сделаем все, чтобы наши дети никогда не узнали, что такое война. И мы приложим все усилия, чтобы сохранить память о тех, кто долгими верстами шел к этой победе.

С.Н. АВТЮХОВА, преподаватель русского языка и литературы колледжа ЮКГУ им. М. Ауэзова

Памяти жертвам сталинской репрессии 20-50г.г. XX столетия

Народ Казахстана понес большие потери в результате политических репрессий. Указом Президента Республики Казахстан от 30 декабря 1996 года 1997 год был объявлен в нашей республике Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий. В целях увековечения памяти лиц, пострадавших в годы политических репрессий 31 мая был объявлен Днем памяти жертв политических репрессий. Изучение сталинизма – репрессивной политической системы советского режима 1920-1950-х гг. продолжает оставаться актуальной проблемой научной мысли.

В целом за последние 20 лет государством были выпущены законы о реабилитации жертв политических репрессий, были опубликованы «Книги памяти жертв политических репрессий». Масштабы преступлений советского режима в Казахстане таковы, что это лишь малая часть того, что предстает еще решить. Анализируя репрессивную политику периода сталинизма в Казахстане можно сказать следующее: репрессии проводились в виде исключения из партии, отстранения от должности, высылки, ссылки, лишения свободы и применения высшей меры наказания. Проводились чистки в партийных организациях. Основными пунктами обвинения были принадлежность или сочувствие троцкизму, правым и национал-уклонистам, которые выступали излюбленным объектом сталинских репрессий, по сталинской системе они подвергались моральному и физическому уничтожению. Массовые политические репрессии – одна из самых печальных страниц в истории Казахстана. На территории центрального Казахстана нахо-

дился самый крупный лагерь структуры ГУЛАГа (Государственное управление лагерей) – Карагандинский лагерь (Карлаг). Республика, практически, превратилась в одну большую тюрьму.

Репрессии были тщательно подготовлены акциями. За 5 лет в период с 1929-1933 годы бронкой ОПТУ в Казахстане, было рассмотрено 9085 дел и принятых решений в отношении 22933 лиц, из них к высшей мере наказания – расстрелу было приговорено 3386 человек, заключено в концлагеря от 3 до 10 лет-13151 человек. Термин «Враг Народа» ввел Сталин на объединительном пленуме ЦК ВКП (б) 07.01.1933 года. Из числа расстрелянных приблизительно 1/3 - рабочие, пятая часть - крестьяне, 9% - спецпереселенцы, половина была - интеллигенция. В Казахстане службой НКВД было «разоблачено» 183 организаций, с общим числом «агентов» в 3720 человек. За 33 года с 1920 по 1953 гг., около 110 тысяч человек были подвергнуты политической репрессиям, около 18% всей казахстанской партийной организации было объявлено врагами народа. В жизни каждого народа, государства есть периоды истории, которые нельзя забыть. Память новых поколений к своей истории – лучший гарант того, что сегодня и завтра мы не совершим новых ошибок. Именно такой трагической страницей в истории Казахстана, был период политических репрессий 20-х - 50-х годов XX века, как следствие тоталитарной системы.

Н.Е. ТАЖМУХАНОВА, к.и.н., ст. преподаватель кафедры «Всеобщая история и музейное дело» факультета «История и педагогика»

Ғылым мен білімді ұштастыру

Қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Инженерлік құдық қазғандай, күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл екені барлығымызға белгілі. Сондықтан білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық-рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған, өңесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды.

Егер адам ғылымға бар ынта-шынтасымен берілетін болса, онда идеялар жұмысының жалғасы болып келеді, өйткені ғылым бір зерттеу бағытының тар дәлізінде қамалып қалмай, үнемі ізденісте жүріп, жас ұрпақтарға тәрбие, білім бұлағы болады.

Осы мақсатта «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектеп іргесінде дәуіріміздің талаптарына сай «Бейорганикалық тұздар, өсімдіктерді қорғау және ынталандырығыштар» «Фитохимия», «Мұнай химиясы және композиттік полимерлік материалдар», «Силикат өнеркәсібін минералды шикізатпен қамтамасыз ету, асыл тастар мен негізгі материалдардың монокристалдарын синтездеу», «Озық металлургиялық технологиялар» ғылыми-зерттеу орталықтары ашылды. Бұл ғылыми орталықтарда 6B05120-Биотехнология мамандығында оқитын студенттер, 6B05320- Химия, 6B07220-Металлургия, 6B07190-Балқуы қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы, 6B07160-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, 6B07170-Органикалық заттардың химиялық технологиясы, магистранттар, рНД докторанттардың дипломдық және диссертациялық ғылыми жұмыстарын жасауға мүмкіндік береді. Мұнда

теориялық тапсырмаларды шешу үшін, заманауи құралдар мен физика-химиялық, рентгенді-фазалық, электронды-микроскопиялық, т.б. модельдеудің апробацияланған әдістері пайдаланылады.

Бұл ғылыми-зерттеу орталықтарында белгілі ғалымдар Ш.М. Молдабеков, К.Т.Жантасов, Б.О.Есимов, осы ғалымдармен бірге белгілі В.М.Шевко, Б.К.Кеделбаев, А.А.Анарбаев, О.К.Бейсенбаев қызмет атқарады.

Бұл ғалымдардың еңбектері «Табиғи және техногенді екіншілік шикізатты қайта өңдеу инновациялық технологиясын жасау мен ұйымдастыру» бойынша ҚР ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Мұнда білікті профессор-оқытушы және ғалымдар шоғырланған.

Ғылымға құштар білім алушылар және бакалавриаттан кейін білімін жоғарылату үшін аталған кафедраларда магистратурамен рНД докторанттар қызмет атқарады, дәрістерді жоғары білікті, білімді, ғылыми және практикалық тәжірибелері мол, өндірістерде қызмет атқарған техника ғылымдарының докторлары, кандидаттары мен аға оқытушылары өткізеді.

Жастарды жоғары оқу орнымызға аталған мамандықтар бойынша білім алуға шақырамыз, бірінші курстан кейін әскери кафедрада білім алуға мүмкіндік бар. Жоғарыда аталған мамандықтар бойынша магистратура, докторантурада білім алуға болады және оқу жүйесі үш тілде жүргізіледі. Академиялық ұтқырлық бойынша білім алушы түлектер шет елдердегі алдыңғы қатарлы оқу орнында білім алуға мүмкіндіктері бар. Қазіргі төтенше жағдайда білім алушылар, педагогтар мен қызметкерлер өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында қашықтықтан оқытуға толық көшіп, дәрістер онлайн тәртібімен жүргізіліп отыр.

Қ.Т. ЖАНТАСОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың
т.ғ.д., профессор,
Н.К. САРЫПБЕКОВА, х.ғ.к., доцент

Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз

Әлем халықтарын дүрліктірген COVID-19 коронавирус инфекциясы респираторлық індеттер қатарына жататындықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пандемиялық дәреже беріп, бүгінде әлем халықтарын қамтыған бұл індетпен 177 мемлекет күресіп жатыр. Өкінішке орай, бұл індет біздің елге де жетіп, адамзатқа қауіп тудырып отырған жайы бар. Осындай қиын-қыстау кезеңде қауіпті дертпен күресуде қазақ халқы да сақтандыру, тазалық, дезинфекциялық шараларын жүргізіп, «Біз біргеміз!», «Үйде бол!» атты акцияларына толық қолдау көрсетудеміз.

Індетпен күресуде адам өміріне араса түсіп, аман сақтап қалуда күнделікті қауіп-қатердің ортасында жүрген дәрігер мен медбикелер, яғни медицина қызметкерлері науқастарға тәулік бойы ем көрсетуде. Болашақ үшін күресіп жүрген ақ халатты абзал жандарға деген ыстық ықыласымыз шексіз.

Ұлт саулығын сақтап қалу жолындағы Елбасымыздың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты үндеуі баршамызды сабырға, байсалдылыққа шақырады.

Елбасымыздың бұған дейінгі де ел, ұлт, халық қамын ойлаған үндеу, жолдауларын білеміз.

Мәселен, өзгермелі дүниенің алдыңғы сапында жүру үшін бәсекеге қабілеттіліктің бірінші зекеттегі мәселе болатынын «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады», – деп атап көрсеткен болатын. Ал бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырып, оны ұдайы арттырып отыру үшін білімнің атқаратын рөлі айрықша зор екені белгілі.

Қазіргі кезеңде осынау қатерлі індетпен күресуде ғалымдардың алдында үлкен міндеттер тұрғанын аңғару қиын емес. Әлем ғалымдары осынау індетке қарсы вакцина әзірлеу бойынша қыруар жұмыстар жүргізуде.

Елбасымыздың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050:

Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту мен міндетті медициналық сақтандыруды енгізу, спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу арқылы аурудың алдын алу қажет екендігін атап көрсете отырып, халықтың денсаулығы үшін барлығымыз да жауапты екенімізді атап өткен еді.

Елімізде денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын қабылдауы, озық техникалармен жаракталған ірі ғылыми-медициналық орталықтар мен өңірлерде заманауи ауруханалар мен емханалар салынып, тәжірибелі мамандар дайындалғаны қазіргі таңда өз нәтижесін беруде.

2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда кешенді міндеттердің бірі цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустриялар жайлы сөз қозғаған еді. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа беретінін айтқан болатын.

Бұл мәселелердің бүгінгі білім, ғылым саласында қаншалықты маңызды екендігі және оны одан әрі дамыта түсу қажеттілігі барша халыққа айқын мәлім болып отыр.

Сондықтан да осы айтылған міндеттер мен тапсырмалар бүгінгі елімізді індет жайлаған кезеңде қаншалықты өзекті екенін аңғартуда. Халқымызды бірге болуға, жастарға жауапкершілік пен білімді болуға үндеген Елбасымыздың тағы да бір көрегендік саясаты екені анық.


Г.К. ОТАРБАЕВА

Стремление к знаниям и любовь к филологии не знает границ

27-30 апреля 2020 г. впервые в формате онлайн проведена ежегодная Республиканская олимпиада по русскому языку и литературе. В ней приняла участие команда филологического факультета ЮКГУ им. М. Ауэзова в составе Запороженко Сергея, Багметовой Алисы и Исмаиловой Зухры под руководством к.ф.н., доцента М.Т. Шакиновой. Из-за условий карантина очная формы олимпиады была успешно переформатирована организаторами – Павлодарским государственным университетом им. С. Торайғырова.

Талантливой молодежи нашей страны не помешали ни карантин, ни коронавирус участвовать в интеллектуальном конкурсе!

В олимпиаде состязались команды 10 вузов республики: Актобинского регионального государственного университета им. К. Жубанова, Государственный университет имени Шакарима города Семей Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева, Казахского Национального педагогического университета им. Абая, Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова, Павло-



дарского государственного педагогического университета, Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева, Таразского государственного педагогического университета, Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, а также нашего вуза – Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауэзова. Олимпиада традиционно включала три тура: по русскому языку, по литературе и творческий конкурс. Наша команда получила II место за творческий конкурс. И тогда я поставил цель – на следующий год завоевать желанное призовое место по русскому языку и литературе!

Участие в данном мероприятии позволило нам, будущим специалистам – учителям русского языка и литературы из разных регионов нашей республики, хоть и в режиме онлайн собраться вместе, проверить свои знания, а также получить большой заряд и мотивацию к саморазвитию и росту, достижению новых знаний и вершин!

Дорогой абитуриент!

От имени студентов ЮКГУ им. М. Ауэзова приглашаем в наш вуз, на филологический факультет, где перед тобой откроются новые двери в мир увлекательной профессии – учителя русского языка и литературы!!!

Мы ждем Вас!

Студент гр. ФИ 17-2р Запороженко Сергей,
руководитель к.ф.н., доцент М.Т. Шакинова



P.S.

ЮКГУ им. М. Ауэзова всегда способствует развитию интеллектуального потенциала творческой молодежи. ППС кафедры русского языка и литературы ежегодно принимает участие в мероприятиях по развитию одаренных детей региона. Так, в январе текущего года доценты кафедры Жумагулова Ж.Ж., Ахметжанова Г.А. и Шакинова М.Т. работали в составе комиссии по русскому языку и литературы Республиканской сетевой олимпиады НИШ.



175 ЖЫЛ

АСЫЛ ЖОЛ

Президент Қасым – Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы дәуірлік мақалалардың бірі деп есептеуге де болады. Бұл - біздің рухани жетілу дәуіріміздегі ең елеулі бастамаларымыздың бірі. 2020 жыл Хакім Абайды дәріптеумен басталғандығы ерекше сезім тудырады.

Бұл мақаланың тың пікірлері мол, ең сүбелі тұсы - Абай мен ХХІ ғасырдағы ой-пікір сабақтастығы. Мұнда Мемлекет басшысы өзі танып білген ой-пікірін ортаға салған. Бұл мақаланы халыққа жолдап қана қоймай, күрделі де тың пікірлерін жай сөзбен емес, өз шамасы келгенше мазмұнды салыстырулар мен талдаулар жасау арқылы халыққа Абайды кеңінен дәріптеп отыр.

Елеулі бұл мақалаға көз жүгірте қарар болсақ, мақала бес бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімнен кейінгі бөлімдер

1. «Ұлттық болмыстың үлгісі» – Білім мен ғылым.

2. «Мемлекет ісінің мүдделесі» – Саяси-қоғамдық мәселелер.

3. «Жаңа қоғамның жанашыры» – Әлеуметтік жауапкершілік пен еңбек.

4. «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» – Халқымыздың рухани қазынасына ақынның қосқан үлесі.

5. «Торқалы тойдың тағылымы» – Абайдың 175 жылдығын тойлау.

Бұл бөлімдердегі идеялар, ойлар, елеусіз қалмайды. Қолға алынып жатқын ауқымды іс-шаралар челлендж қарқынды даму үстінде. Абайды ұлықтау барысында ақын жайлы тың деректерді насихаттау, шығармаларын оқу рухани жетілуімізге үлкен септігін тигізуде.

Мақалада көрсетілген бөлімдердің баршасы дерлік Хакім Абайдың Ғақлиялық, даналық ойларына негізделіп жазылған. Біздің алға қойған мақсат, талабымыздың айқын да нық кадам екендігін осыдан аңғаруымызға болады. Абайды тану әрбір қазақ азаматының борышы саналса, Абай салып кеткен сара жолмен жүру ақынды ұлықтағанмен тең.

*Жүрегімің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да
ойла,*

*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде
өстім,*

*Мыңмен жалғыз алыстым, кінә
қойма!*

Абай болашаққа өзін осылай арнаууды жөн көрді. Бұл өткен ғасырда құлазыған, бірақ болашаққа сенімді жол салған ақынның сөзі еді. Қазақ даласын торлаған нағандық пен сараңдық түнегінен шығар жол іздеуден еш аянбады. Сол себепті де Абай ең әуелі халқының, сосын жеке тұлғаның мінін түзеу мақсатында шығармаларында сыни көзқарастар білдірген. Хакім Абайдың мына бір өлең жолдарына назар салсақ:

Ойға түстім, толғандым,

Өз мінімді қолға алдым.

Мінезіме көз салдым,

Тексеруге ойландым.

Өзіме өзім жақпадым,

Енді қайда сия алдым?

Қалап алан көп мінез,

Қалайша қылып тыя алдым?

Бойдағы мінді санасам,

Тау тасынан аз емес.

Жүрегімді байқасам,

Ине дейін таза емес.

Аршып алып тастауға,

Апандағы саз емес.

Бәрі болды өзімнен,

Тәңірім салған наз емес.

Осыншама Ахмақ болғаным,

Көрігенге қызықтым.

Ғаділетті жүректің,

Әділетін бұзыптың.

Ақыл менен білімнен,

Әбден үміт үзіптің.

Айла менен амалды,

Меруерттей тізіптің.

Жалмауыздай жалаңдап,

Ар, ұяттан күсіптің.

Қулық пенен сұмдықты,

Құладайын қушыптың.

«Сіз білесіз» дегенге,

Күнге күйіп-пісіптің.

Мақтанбасқа мақтанып,

Деп жүріптің «пысықпын».

Абайдың сөзі - қазақтың бойтұмары.

Бұл тегін айтылған сөз емес, Абай атамиз былай дейді: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер – білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата – анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады.»

Бүгін, міне, дархан даламыздың төріне Абай атамиз қайта оралды. Халқымыз ақынның ғақлиялық даналық ойларымен қайта сусындап, өзгеше рухани даму жолына түсті. Біз ешқашан да елдігіміз бен ерлігімізден, тектілік пен тегімізден, рухани болмысымыздан ажырамаған халықпыз. Халқымыз тектінің тегін дәріптеп, қасиетін ұлықтай білген. Міне, сол дәстүрдің негізімен бүгінде Абайдың 175 жылдығын тойлаудамыз.

Бұл мақала - Абай мен ХХІ ғасыр аралығындағы ұлттық санамыздың рухани кеңістігі. Мақаланы оқып шыққан оқырман қауымның құмары қанып, сусындап, тағылым алатындығына, аталмыш еңбектің ішінен өзіне ұнаған сөздерін жадында ұстап, көпшілікке айтып жүретіндігіне бек сенімдімін. Біз қарастырып жатқан бұл мақаланың негізгі себепшісі болып отырған Президентіміз Қасым – Жомарт Тоқаевқа шын жүректен алғыс білдіреміз.

П.Т.ИБРАИМОВА,

«Бейнелеу өнері және дизайн»

кафедрасының аға оқытушысы,

Ж.САТАНОВА,

ПИК-18-10к тобының студенті

Ұстаз мерейін өсіруге бағытталған заң

**«Алты алаштың баласы бас қосса,
төр мұғалімдікі»
Мағжан Жұмабаев**

Ұстазды сыйлауды ережесіз-ақ ұғынған ұлы дала халқы бала болашағы мен тәрбиесінің бақылаушыларын ежелден зор құрметке бөлеген. Дүниедегі мамандық атаулының төресі ұстаз деп бағалаған халықтың болашағы қашан да жарқын екендігін тарихтың өзі дәлелдеді.

Мұғалім қолына бала болашағын, ұлт ертеңін сеніп тапсыратын қоғамның педагогті құрметтеуі – парызы. Жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын ұрпақ бойына дарытып, әр саланың жүйріктеріне білім беріп, тәрбиелеп келе жатқан ұстаздарды сыйлау заңдастырылды. Елімізде «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы ұстаздар қауымы үшін қуанышқа толы айтулы жаңалықтардың бірі болды. Қабылданған заңның мазмұны мұғалім мәртебесін арттырып, өнімді еңбек етуге зор ықпалын тигізетін жаңалықтарға толы. Заң аясындағы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагогтің кәсіби қызметін атқару шарттары, оның ішінде кәсіби қызметіне кірмейтін жұмысқа тартуға тыйым салу, еңбектегі кәсіби жетістігі үшін көтермелеу сияқты нормалар көп ұстаздардың көкейтесті мәселелерінің түйінін шешті десе, артық айтқандық емес.

Мұғалімдерді материалдық ынталандыру алмағайып заманда бұл мамандыққа деген сұраныс санын өсіріп, бәсекелестік тудырып, сапалы мамандарды іріктеп шығарары сөзсіз. Сонымен қоса, оқу жүктемелерінің санын азайтып, шығармашылықпен айналысудың зор мүмкіндіктерін қарастырған. Материалдық ынталандыруы қоса ескеріліп, педагогтің жан-жақты дамуы үшін барлық мүмкіндік қамтылған. Мұғалімдердің қатысуы арқылы құрастырылған заң жобасы өміршең болмақ. Себебі, қоғамдағы әрбір педагог реттеліп, өзінің кәсіптік міндеттерінің аясын анық біліп, оған ешкімнің негізсіз араласуына жол бермесе, заң өз діндеген мақсатына жетпек. Қысқаша айтқанда, мұғалім мәртебесі көтерілуі үшін, ең бірінші, функция толық орындалуы керек. Ол үшін ұстаздар қабылданған заңдағы артықшылықтарға сай нәтиже көрсете білуі қажет. Саяси және әлеуметтік мәні үлкен заң ұстаз мерейін өсіру, оның мәртебесін жақсартуға бағытталғаны барша ұстаздардың көңілінен шығып отыр деп айта аламыз.

Г.Е.САДУАКАСОВА,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Специалисты

«Легкой и Текстильной промышленности»

На сегодняшний день главной прерогативой одежды является ее модность, удобность, красота, люди заводят себе огромные гардеробы, стремятся одеться по самому последнему писку моды, смотрят кабельные каналы типа ТВ-мода. Для того чтобы узнать глубже о возникновении дизайна одежды необходимо познать моду, стиль, имидж всю красоту внутреннего мира.

Такой специалист должен иметь знания в области анализа внешней индивидуальности конкретного человека, понимать особенности психологического восприятия личности стилевых решений, предлагаемых в качестве модных, или других стандартов общества.

Изучение данной проблемы позволяет нам сделать вывод что: одежда, мода, стиль, имидж-это неотъемлемая часть личности современного человека. На данный момент основной задачей является поднять уровень изготавливаемой одежды отечественного производства и выйти на внешний рынок потребителя, быть конкурентоспособными.

В отрасли постепенно намечается сдвиг производства в направлении от массового производства к расширению ассортимента за счет гибких производственных технологий. Это связано с изменениями потребностей покупателей, которые предпочитают качественные товары по приемлемым ценам и требуют широкого выбора товаров и быстрого отклика на возникающие запросы. Текстильная и легкая промышленность является «локомотивом» по отношению к ряду отраслей.

Сегодня ЮКО по оценке международных специалистов имеет все возможности для развития текстильной и легкой промыш-

ленности. При поддержке правительства и в соответствии с кластерной инициативой президента РК, в нашей области создана специальная экономическая зона, целью которой является создание всех экономических, правовых условий для развития легкой и текстильной промышленности.

Наш университет, являясь специализированным государственным вузом, ориентирован на подготовку высококвалифицированных специалистов, обеспечивает ее инженерными и научными кадрами и является базовым вузом по подготовке текстильной и легкой промышленности кадров. Научными кадрами вуза постоянно ведутся исследовательские работы по инновационным проблемам развития отраслей легкой и текстильной промышленности. В этом плане ведется сотрудничество с центральными вузами ближнего и дальнего зарубежья.

Претворение в жизнь этих планов ставит перед кафедрой «Технология и конструирование изделий легкой промышленности» ЮКГУ им. М. Ауэзова актуальную и ответственную задачу подготовки высококвалифицированных, конкурентоспособных специалистов, умеющих успешно управлять производством в условиях рыночных отношений. Также ежегодно по республике выделяется более 500 грантов, из них об-

ладателями более 70% государственных образовательных грантов ежегодно становятся студенты нашего университета.

Для повышения качества образования на кафедре для чтения лекций по современным направлениям науки, а также для проведения научно-образовательных консультаций приглашаются известные ученые из стран ближнего и дальнего зарубежья. Проводятся занятия высококвалифицированными преподавателями на новейших оборудованных, с применением новых методик конструирования и технологии обработки изделий, соответствующие международным стандартам. Имеются договоры о научном сотрудничестве с ведущими вузами дальнего зарубежья, что дает возможность взаимного обогащения научными достижениями и приближение к международным стандартам образования, возможность осуществления совместных научных программ и проектов. Кафедрой «Технология и конструирование изделий легкой промышленности» подписаны соглашения о международном сотрудничестве в области образования и научных исследований с Университетом Акдениз (Турция, г. Анталья) Ивановским государственным политехническим университетом (Российская Федерация, г. Иваново), Ташкентским институтом текстильной и легкой промышленно-

сти, Национальной инженерной академией РК, Академией моды и бизнеса «Сымбат», Алматинским технологическим университетом и Таразским государственным университетом им. Б.Х.Дулати. Кроме того, подписаны договоры по обучению наших студентов в Текстильном университете г. Измир в Турции.

Подготовка высококвалифицированных, конкурентоспособных кадров позволит создать и развить производство текстильной и легкой промышленности с применением современных инновационных технологий, оборудования улучшить качество продукции, а также привлечь дополнительные инвестиции.

Это позволит на более высоком уровне организовать подготовку конкурентоспособных специалистов, которые будут востребованы на рынке труда, и будут достойно вносить свою лепту в развитие экономики нашей Республики.

И.С. КИМ, и.о. заведующий кафедры

«Технология и конструирование изделий легкой промышленности» ЮКГУ им. М. Ауэзова

Г.С. КЕНЖИБАЕВА, и.о. декан

ВШ «ТиПИ» ЮКГУ им. М. Ауэзова

С.М. КОНЫСБЕКОВ, зам. декан

ВШ «ТиПИ» ЮКГУ им. М. Ауэзова



Ерсіз ел болмайды...

Ұлы Отан соғысының соңғы жылдарында фашистер жеңіліс тауып, біздің солдаттар оларды Берлинге дейін қуып тыққан еді. Бұл кезең 1945 жылдың 9 мамыры еді. Біздің жауынгерлер елге жеңіс сыйлағанын бүкіл халық естіді. Соғыстың зардабын тартқан баладан еңкейген қарияға дейін үміті үзілер шақта бір ауыз сөз қайта үміт отын үрлеп, үлкендер көз жасымен осы «Жеңіс» сөзін қайталаумен болды. Ал бұл сөз жастарға шаттық сыйлады. Майданнан солдаттар қайтып оралғанда көптеген аналар мен аталар ұрпақ жалғастырар баласының майданда ерлікпен қаза тапқанын естіп, жер мен көк қайта күніренді.

«Соғыс» деген бір ауыз сөзде қаншама қорқыныш пен өкініш, қасірет барын әбден сезінді. Қол-аяғынан айрылған жауынгерлердің арасында елге әрең жеткендер де болды. Бұл соғыс зардабы күні кешеге дейін халыққа сезілді. Ер-азаматтардың саны күрт азайды.

Ұлы Отан соғысының батыры Б.Момышұлы «Ел басына күн туса...» деген кітабында майдандас достарына жазған ашық хатында былай дейді: «Бұл майданда еліміздің туысқан басқа халықтары сияқты қазақ елінің де өзіне жарастықты тарихи орны бар. Ол даусыз... «Ерсіз ел болмайды, ерсіз ел болмайды» деген сөз бар. Оларды адамзат тарихында теңдесі жоқ осындай аса жоғары моральдік дәрежеге жеткізген нәрсесі – біздің ерлік, ата мұрамыз - тарихи шежіреміз – біздің кең пейіл, адал халқымыз. Бұны бәріміз де түсінеміз. Тіпті досымыз түгіл дұшпанымыз да түсінеді».

Соғыста біздің тыныш өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан қаншама ерлер болды десеңізші?! Осы күнге дейін дерек болмай, белгісіз болған батырлар жайлы қай жылы әңгімелесек те, кеш емес дер едім. Әжеміздің қолына «қара қағаз» келмеген, себебі әр үйге қара қағаз тапсырып жүрген пошташы шулап жоқтау айтып жылаған әйелдердің даусынан құлағы тұнып, сол соғыс басталған жылғы келген қара қағаздарды суға ағызып алдым деп, жесір әйелдерді үміттендірмек болған. Сондықтан 2009 жылы 102 жасында дүние салған әжеміз «Аталарың Германияда немістердің қолында қиналып жатқан жоқ па екен?» деп үміттеніп отыратын, сол үмітін арқалаған бойы өмірден озды. Ал біз соншалықты сауатты адам елін таппауы мүмкін еместігін біліп, сол Сталинград шайқасы болған жерден іздеуді жөн көрген едік. Деректі табылып, атамның шын батырлығы мен ерлігіне тағы да бір тандандық.

1941 жылы ел басына күн туып, ер азаматтар ел қорғауға аттанар шақта әрбір адамның жүрегінде қорқынышты сезім болғаны туралы әжеміз Дәмелі көзіне жас ала отырып еске алатын. Осындай шақта «Елді қорғау - ер азаматтың ісі» деген нық сөзімен Арынбай атам алғашқылардың бірі болып, соғысқа өз қалауымен аттануға өтініш жазған еді. Осы өтініштен кейін көп ұзамай Жұмағұлов Арынбай ата 1941 жылы жазда Шаян ауылынан соғысқа аттанды. Бұл кезеңде әжеміз Дәмелі бір ұл, үш қызымен елде қалды. Ол кісі: «Сол жылы күз ерте түсіп, соғыс зардабы аздай, күн өте суық болды. Тыл жұмысына жегілген әйелдер шулап, колхозда күз бойы аянбай еңбек етті. Еңбек ақысына жарты қап бидай беріліп, барлық астық соғысқа жіберілді. Қыс айлары да ерекше суық болып, елді көп әбіржітті. Солдаттардың жылы киімі мен қолғабына дейін түнімен тоқып, соғысқа салып отырдық», - деп үлкен толғаныспен еске алатын. Соғыс жылдары әйелдер тылда бейнет кешсе, ер-азаматтар мұз жастанып, қар кешіп, қыс демей, жаз демей соғысып жатты.

Күзде Арынбай атамның «Сталинградта үлкен соғыс ұрысына дайындалып жатырмыз, біз алғы шепте соғысатын болдық» деп жазған хаты келген. Жамбыл Жабаев атамның «Ленинградтық өрендерім» атты әйгілі шығармасы дәл осы солдаттарға арналған болатын. Хат соңында «Бұл ұрыстан тірі қаламыз ба, білмеймін» деген ойы бар. «Егер мен соғыстан қайтпасам, балаларға өзің бас-көз бол» деп хатты аяқтаған. Бұл хат, өкінішке орай, Арынбай атамның соңғы хаты болды.

Қорыта келе, өшпес даңқ, өлмес ерлік жасаған аталарымыз мәңгі есімізде қалады дегім келеді. Бұл соғыс сан миллион адамның жүрегінде жазылмас жара, өшпес із қалдырды. Біз мұны ұмытуға тиіс емеспіз! Ол біздің еліміз бастан өткерген барлық соғыстардың ішіндегі ең ауыры, ең қиыны болды. Кейінгі жастар үшін бұл соғыс аңызға айналды. Мұның жастарға берер тәрбиелік мәні зор.

Сондықтан біз коронавирус пандемиясының тұсында үйде отырып, студенттерімізбен асыл аға- аталарымызды еске алуды жөн көрдік. СМ18-бк2 тобымен тәрбие сағатын ұйымдастырып, әрқайсысы соғыстан оралмаған өз аталары туралы әңгімелегенде, соғыстың халық үшін оңай болмағандығына көзімізді жеткіздік.

Халықтар достығы мен ерлігінің көрінісі атанған Сталинград шайқасының алғы шепінде жаяу жүректерімізбен аяқасқан Жұмағұлов Арынбай атамның, әрине, мақтан тұтамыз. Әжеміз Жеңіс күнін асыға күткен, бірақ атам



оралмағандықтан Жеңіс туралы көп әңгімелемейтін. 1945 жылы 9 мамырда жеңіс оңайшылықпен келмеді. Жеңіске жеткенмен, елімізде соғыс зардаптары мен қиыншылықтары жалғаса берді. Оның жарасы жылдар бойы ел есінде сақталып қалды. Ұрпақ жалғастығы тоқырап қалды дегенге болады. Қазір ерлер аз болса, ол осы соғыстың жылдар бойы жалғасып келе жатқан зардаптары деп білеміз. Соғыс болмаған елдерде ерлер саны әйелдерден асып жығылады. Біздің әжелеріміз бен аталарымыз соғыс қиыншылықтарын абыроймен жеңе білді. Ал әкелеріміз бен аналарымыз соғыстан соңғы зардаптар мен жоқшылық заманды бастан кешірді. Ал бейбіт өмірде дүниеге келген біздер мен біздің ұрпақтарымыз – бақытты адамдар. Соғыс кезіндегі жағдайды қазіргі карантинмен салыстыруға келмейді. Соғысқа мұқалмаған халық бүгінгі қиыншылықтарды да жеңеміз деген байлам жасадық.

Р. АРЫНБАЕВА,
«Мемлекеттік тілді оқыту»
кафедрасының аға оқытушысы

Үлгі болайық!

Мың өліп, мың тірілген қазағым! Өзі аш отырса да, тамағының дәмдісін қонағына ұсынған жанашыр, жанкешті халқым! Әлемді жайлап бара жатқан аты жаман індет Қазақстанға да жетті.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ филология факультеті ағылшын тіл білімі кафедрасы профессор-оқытушылары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына үндеуін қолдап-қуаттайды. Тарихтан мәлім, қазақ халқы сан қилы қиын кезеңдерді басынан өткерді. Ордабасында бірігіп жоңғар-қалмақ шапқыншылығын қазақ жерінен қуды, ақтабан шұбырынды жылдары аштықтан қырылып, шекара асты. Социалистік идеяның құрбандары қаншама десеңізші?! Ұлы Отан соғысына Отанды қорғауға аттанып, қыршын кеткен аталарымызды еске алайықшы!

Бабаларымыз армандаған Тәуелсіз ел болғанымызға да 30 жылға жақындап келеді. Мемлекетіміз өсті, өркендеді, халқымыздың әлеуметтік жағдайы едәуір дұрысталды. «Кой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» тыныштық заман орнады.

Өкінішке орай, емі жоқ вирустың ел ішіне тарап, үдеп бара жатқаны баршамызды толғандырады. Болашақ ұрпағымызға деген алаңдаушылықты тудырады.

Әкімет тарапынан бұл індеттің алдын алу үшін төтенше жағдай жарияланып, карантинге жоғары оқу орындары, мектеп, балабақшалар жабылып, қашықтықтан оқытуға көшті. Коронавирусқа қарсы үлкен майдан ашылды. Сол майданның алдыңғы шепінде жүрген медицина қызметкерлеріне, тәртіп пен тыныштықты сақтап жүрген полиция, әскери қызметкерлерге алғыс білдіріп шексіз.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп те, есітіп те жатырмыз. Елдегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, жалғызбасты қарияларға әкімет тарапынан да, кәсіпкерлер,

өнер адамдары және көптеген еріктілер тарапынан көмек қолы созылып, азық-түлік, қажетті медициналық-санитарлық заттар жеткізіліп берілуде.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бәріміз «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», бірге болсақ, қиыншылықты жеңіп шығамыз. Осы тұста бүгінгі таңдағы майданның көрінбейтін кейіпкерлерінің бірі – ұстаздар жайлы бір ауыз әңгіме айтпаса болмас.

Президенттің де, ақ халатты абзал дәрігерлердің де, әскерилердің де, ел басқарған әкімдердің де оқып, өсуіне үлес қосқан - ұстаз. Қазір коронавирус эпидемиясы залалын азайту үшін, еліміздің барлық ұстаздары өз үйінде отырып, online және offline түрде дәріс, семинар және практикалық сабақтар өтуде. Оқу процесін тиімді өткізу мақсатында blended learning әдісін пайдаланып, Zoom, Google classroom бағдарламалары, Прометей қашықтықтан оқыту жүйесін қолдануда. Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында «Абай жолы» романынан үзінділер оқып, студенттерімізбен бірге Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінен түпнұсқада және ағылшын, неміс, француз, қытай тілдерінде онлайн – челлендге үн қосуда. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы аясында әртүрлі тілден қазақ тіліне аударылған, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуы үшін үздік жәдігерлерді оқып, студенттермен online режимде талқылаудамыз.

«Сабыр түбі - сары алтын» дегендей, отандастар, сабырлы болайық! Карантин тәртібін бұзбай, үйде отырып, өзіміздің де, өзгенің де денсаулығын сақтайық! Біз біргеміз!

Э.Э. ХАЛМИРЗАЕВ,
филология факультеті «Ағылшын тіл білімі»
кафедрасының аға оқытушысы

Бірлік түбі – береке

Елбасының «Бірлесіп білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласына мен де өз пікірдімді қосқым келеді. Тұтқиылдан келген аты жаман індет - коронавирус дүние жүзі халқына қауіп төндіруде.

Елбасымыздың мақаласында көрсетілгендей, тәуелсіздік алған жылдардан қазірге дейін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткердік. Қазір қазақ елі қауіпті дерттің алдын алу бойынша дүние жүзі елдерінің арасында алғашқы болып сақтандыру шараларын жүзеге асыруда. Жағдайды тұрақты ұстау үшін Қазақстан халқына барлық жағдайлар жасалуда. Жұмыссыз қалған халыққа көмек көрсетілуде, зейнеткерлерге үстемәкі қосылуда, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақты ұстауда. Мұндай жағдайда қоғамның ер мүшесі жауапкершілік таныту керек. Еліміздің тәуелсіздігін баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсінген Елбасы экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан, білім саласына үлкен қолдау көрсетуде. Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауы қазақ халқына күш-жігер беріп, бірлігін сақтауға үлкен үлес қосты. Біз біргеміз!

Б.А. ЖАМЕЛОВ,
«Заң» факультеті «Философия және мәдениеттану»
кафедрасының магистр оқытушысы

Меншік иесі: М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Газет Қазақстан
Республикасы Ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
451-Г куәлігі берілген
Астана қаласы, 10 қараша 1998 ж.

Газета Южно-Казахстанского
государственного университета
имени М. Ауезова

Газета зарегистрирована в
Министерстве информации РК
(свидетельство № 451-Г)
г. Астана, 10 ноября 1998 г.

Редакционная коллегия:

Қожамжарова Дария Пернешқызы -
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.
Нұрманбетов Қайрат Эмбекшиевич -
Бірінші проректор
Бейсенбаев Садыек Қалмаханұлы -
Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі
проректор

Тілші: Мадина Сералиева

Көркемдеуші: Наилә Заббарова

Оператор: Танзила Ашимова

Фото: М.У. Хусаинов

«М-press» ЖШС баспаханасында басылған.

Шымкент қ., тел.: 21 36 67,
А. Байтұрсынов көш., 18.

Редакция мекенжайы:

Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5,
бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,
тел.: 8 (7252) 30 08 40, gazet98@mail.ru

Тапсырыс

Таралымы 1500 экз.